

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Диплом жұмысы

**ТАҚЫРЫБЫ: ПРОФЕССОР КЛАРА
ЖАНТӨРЕҚЫЗЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ
ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-
АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ
МАЗМҰНЫНЫҢ ДАМУЫ**

Орындаған: Ә.Т.Зиядинова
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану, 4 курс.
Ғылыми жетекші
аға оқытушы: К.А.Есенова

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ

I ТАРАУ ПРОФЕССОР КЛАРА ЖАНТӨРЕҚЫЗЫНЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІНЕ СИПАТТАМА

1.1 Рухани-адамгершілік құндылықтар мәселесінің ғылыми әдебиеттерде зерделену жайы

1.2 К.Жантөреқызының еңбектеріндегі жастардың рухани-адамгершілік құндылықтардың «Өзін-өзі тану» пәні мазмұнындағы көрінісі

1.3 Ғалым К.Жантөреқызының еңбектеріндегі жастардың рухани адамгершілік құндылықтарының құрылымы мен мазмұны

II ТАРАУ ПРОФЕССОР К.ЖАНТӨРЕҚЫЗЫНЫҢ ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫНЫҢ МАЗМҰНЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНЕ ЕНДІРУ ЖАЙЫ

2.1 К.Жантөреқызының еңбектеріндегі жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарының мазмұнынын оқу-тәрбие үдерісінде іске асыру жолдары

2.2 Профессор К.Жантөреқызының еңбектеріндегі жастардың рухани-адамгершілік құндылықтарның мазмұнынын жасау кезеңдері

2.3 Ғалым К.Жантөреқызының ғылыми еңбектеріндегі жастардың рухани-адамгершілік құндылықтары мазмұнынын зерттеу келешегі

ҚОРЫТЫНДЫ

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Зерттеудің мақсаты: К.Жантөреқызының педагогикалық және ғылыми-әдістемелік еңбектеріне талдау жасау арқылы рухани-адамгершілік құндылықтар мазмұнындағы педагогикалық идеяларды жүйелеу оны білім беру жүйесіндегі оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланудың жолдарын анықтау.


Зерттеудің нысаны: К.Жантөреқызының ғылыми педагогикалық еңбектері.

Зерттеудің пәні: Профессор К. Жантөреқызының еңбектеріндегі рухани-адамгершілік құндылық идеялары.

Зерттеудің міндеттері:

- К.Жантөреқызының ғылыми еңбектеріндегі жастардың рухани-адамгершілік құндылықтардың дамуына қосқан үлесін көрсету
- К.Жантөреқызының рухани-адамгершілік құндылықтар мазмұнындағы педагогикалық идеяларды жүйелеу
- Білім беру жүйесіндегі оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланудың жолдарын анықтау.

Зерттеудің ғылыми болжамы : егер, К. Жантөреқызының еңбектеріндегі рухани-адамгершілік құндылықтар мазмұнының идеялары даму тұрғысынан талдау жасалынып жүйеленсе, білім беру жүйесіндегі оқу-тәрбие үрдісінде пайдаланудың жолдары анықталса, онда білім алушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарды бағалауына, адами сүйіспеншілікті оятып, адамгершілік-имандылық қасиеттерін дамытуға әсерін тигізіп, тұлғасын қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.



Бала бақша

Мектеп

Арнайы оқу
орны

ЖОО

Қосымша
білім беру
мекемелері

Үздік білім беру жүйесіне
этнопедагогикалық құндылықтар
енгізу арқылы, жастардың
этнопедагогикалық мәдениетін
қалыптастыру

Үздіксіз тәрбие
үрдісінің негізі

Этнопедагогика
=
Құндылық
Этнопедагогикалық мәдениет
қалыптастыру құралы

Салыстырмал
ы педагогика
өзегі

Отбасы
тәрбиесінің
өзегі

Ұлттық саясат негізі,
ұлттық қауіпсіздік кепілі

Этнос
субъектісінің
тәрбиелеу
негізі

К.Қожахметова «Адамгершілік-рухани тәрбиені» адамның адамгершілік-рухани тұрғысынан:

адамгершілік сезімдердің (ұят, парық, қарыз, сенім, жауапкершілік, отансүйгіштік);

адамгершілік келбеттің (төзімділік, сабырлылық, қайырымдылық, мейрімділік);

адамгершілік ұстанымының (жақсы мен жаманды айыра білу қабілетінің, жанкештілік, өмірлік сынықтардың, абыроймен өтуге даярлығы);

адамгершілік қылықтарының, іс-әрекеттерінің (Отанына, халқына қызмет етуге дайындығы, рухани парасаттылық таныта білуі, еріктілігі, елгезектігі) қалыптасуына себеп болған ықпалдар мен өзара байланыстарды айтады.

1	адамгершілік тәрбиесі	- міндеттері– адамилық, бітімгерлік, байсалдылық, мейірімділік, үлкенді сыйлау;
2	ақыл-ой тәрбиесі мен дүниетаным қалыптастыру	- мақсатында -әрбір рөл тек қана табиғат заңдарын ғана емес, сондай-ақ, қоғамдық өмір, әлем заңдарын қатаң сақтай білуді ұсынады;
3	дене тәрбиесі	- мақсатында - әрбір рөл белгілі бір жас деңгейінде тәнін жетілдіруде межеге ұмтылуды ұсынады. Ер балалар үшін бұл – атқа міну, садақ ату, ал қыздар үшін - әсем де сыпайы жүріс-тұрыс, сымбаттылық;
4	еңбек тәрбиесі	- мақсатында әрбір рөл сәби жастан бастап белгілі бір іскерлік пен дағдыларды игеруді қарастырады;
5	эстетикалық тәрбие	- мақсатында - рөлді игеру адамның сыртқы бейнесінде ғана көрінетін әдемілікті қалыптастыру емес, сондай-ақ өзін-өзі ұстауда, тіл табысуда, кез келген істі орындауда, деннің саулығы тек қана тәннің емес, сонымен қатар моралдық салауаттылық қалыптастыруды пайымдайды;
6	ебжандылық тәрбие	- мақсатында - рөлді игеру туған жердің экологиялық жағдайын ойлау, оны жауығушылардан, сонымен қатар сезімсіздік қатынастардан қорғауды ұсынады.

Құндылықтар

```
graph TD; A[Құндылықтар] --> B[Жалпы адамзаттық]; A --> C[Ұлттық];
```

Жалпы адамзаттық:

Отан, отбасы, тәрбие, білім,
махаббат, достық,
бейбітшілік, теңдік,
бостандық, ана, дін, өнер,
жауапкершілік, адалдық,
отансүйгіштік, сенім, ерлік,
азаматтық, сыйластық,
түсініспеншілік,
мейірбандық.

Ұлттық:

Ар, намыс, ана тілі, діл, рух,
тәубешілдік, ризашылдық,
Отанының тарихы, туған жер,
ізеттілік, парасаттылық,
рахымшылдық,
қанағатшылдық, ата салты,
дәстүр, жеті атасы, шежіресі.

ҚОРЫТЫНДЫ

1. Зерттеу жұмысында Клара Жантөреқызының рухани-адамгершілік құндылықтар мазмұнындағы педагогикалық идеяларының қалыптасуына ықпал еткен басты факторлар анықталды. Сонымен қатар, К.Ж.Қожахметованың «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасымын құру жайы зерделенді. Жоғары мектепте «Өзін-өзі тану», «Өзін-өзі тану: теория және практика», «Өзін-өзі тану пәнін оқыту әдістемесі» оқу курстарының типтік оқу бағдарламаларын дайындап, «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша білім алушыларға дәріс оқып, рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде болашақ мамандарға кәсіби білім берудің озық үлгісін танытты.

2. Клара Жантөреқызының рухани-адамгершілік құндылықтар мазмұнындағы идеялары ғылыми тұрғыдан зерделеніп, талдауға негіз болатын тарихилық, ақиқаттық, сабақтастық, жастардың құндылық ерекшеліктерін ескеру ұстанымдар анықталып, профессор-ұстаздың ұлттық-педагогикалық идеяларын зеріттеу нәтижесінде педагогикалық тұжырымдамалар жасалды.

3. Клара Жантөреқызы Қожахметованың өмірбаяны мен жеке тұлғалық бейнесіне тарихи педагогикалық тұрғыдан сипаттама берілді. Клара Қожахметованың тұлғалық бейнесі жеке-дара ерекшеліктері мен саналы әрекетіне, қоғамдағы орны мен рөліне қарай сипатталды. К. Қожахметованың білімдарлығы – Батыс Қазақстан облысы, Белгор орта мектебінде, А.С.Пушкин атындағы Орал педагогика институты жаратылыстану-география факультетінің «Химия және биология пәндерінің мұғалімі» мамандығы бойынша білім алуынан; Этнопедагогика ғылымының теориялық-әдіснамалық негізін қалаушылардың бірі. Халықаралық педагогикалық Академияның академигі, Халықаралық педагогикалық білімдер ғылымы Академиясының академигі, Қазақ педагогикалық ғылымдар Академиясының академигі. Бүгінгі таңда қалыптасқан ғылыми мектебі бар, оны құрайтын өзінің жетекшілігімен қорғаған 4 ғылым докторы, 21 ғылым кандидаты. Ұлттық тәрбиенің жанашыры, жаршысы ретінде республикалық ғылыми-әдістемелік «Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика, Этнопедагогика в системе образования» атты журнал шығарды (2005 жылдан бері). Журнал Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің тізіміне енді. Қазақстан Республикасының білім беру үздігі. Ы.Алтынсарин атындағы сыйлықтың иегері марапаттары мен атағы, қоғамдық қызметтерінен көрінеді.

**НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!!!**